

Ойын бизнесі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 шілдеде № 20947 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

А. Раимкулова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 195 Бұйрыққа
1-қосымша

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алу үшін "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, онда шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын порталға тапсырған сәттен бастап: 1) лицензия беру – 10 (он) жұмыс күні; 2) лицензияны қайта ресімдеу – 3 (үш) жұмыс күні. Құжаттар толық болмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тартуы – 2 (екі) жұмыс күні. Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензия болған кезде көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы лицензия мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 90 күн бұрын сол қызмет түріне жаңа лицензия алуға өтініш береді.

		Бұл ретте жаңа лицензияның қолданылу мерзімі басталған күн қолданыстағы лицензияның мерзімі аяқталған күннен кейінгі күн болып есептеледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Казино қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия, қайта ресімделген лицензия, не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде заңды тұлғаларға көрсетіледі. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабының 4-тармағына сәйкес, казино қызметімен айналысу құқығына жыл сайынғы лицензиялық алым мөлшерлемелері: лицензия беру кезінде лицензиялық алым 3845 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды; лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды. Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
		Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс графигі

аралығын қоса алғанда сағат 13.00 -ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Лицензия алу үшін:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші. Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады;
- 2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);
- 3) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы салаларында (эпидемиялық маңыздылығы жоғары нысандар үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы елеусіз объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабының 2-тармағына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласында рұқсат

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

беру құжаттарының көшірмелерін ұсына отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін үш жұлдыздан төмен емес санаттағы қонақ үй кешенінде меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер (www.elicens.e.kz ақпараттық жүйесінде деректер болмаған жағдайда растайтын құжаттарды ұсыну: үш жұлдыздан төмен емес санаттағы қонақ үй кешенін аккредиттеу туралы куәлік немесе сертификат);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншік құқығындағы ойын жабдығы туралы мәліметтер нысаны (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (растайтын құжаттарды ұсына отырып) шарттардың болуы туралы мәліметтер;

6) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы қолданылатын заңдастырылған белгілердің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілері мен номинациялары;

7) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2

-1-тармағына сәйкес ойын бизнесі саласында бекітілетін ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелерді қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілік қағидаларына сәйкес ойын мекемесі жұмысының ережелері;

8) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 60000 АЕК мөлшерінде салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт;

лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;

2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының бюджетіне алым сомасын төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), лицензия туралы құжаттардың мәліметтерін

		<p>көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.</p> <p>Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1) ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысуға көрсетілетін қызметті алушының осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы; 2) лицензиялық алым енгізілмеген ; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 6) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ойын бизнесі саласындағы қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) бар; 7) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 8) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "

		Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы " жеке кабинет", сондай-ақ Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің 8 (7172) 741680 телефоны арқылы, не Бірыңғай байланыс-орталығының: 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру"
мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды

тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Занды тұлғаның мекенжайы _____

пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа

сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

"Казино қызметімен айналысу
үшін лицензия беру"

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін үш жұлдыздан кем емес санаттағы қонақүй кешенінде меншік құқығындағы немесе өзге заңды негізіндегі казино қызметі жүзеге асыралатын, ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі	Ғимараттың мекенжайы	Жылжымайтын мүлікке құқық беретін құжаттың атауы, күні, нөмірі	Кассалар туралы мәліметтер (саны, мекенжайы, орналасқан орны, электронды кассаның мекенжайы болған жағдайда)	Халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы* және өрт қауіпсіздігі салаларында рұқсат беру құжаттарының болуы	* Ескертпе (эпидемиялық маңызы жоғары объектілер үшін-санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы шамалы объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама)
1	2	3	4	5	6	7

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Меншік құқығындағы ойын жабдықтарының болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

					Мақсаты (букмекерлік кеңсеге)	
--	--	--	--	--	-------------------------------	--

№ п/п	Ойын жабдығының атауы	Ойын жабдығының түрі	Сатып алынған жабдықтың шартының нөмірі мен күні	Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі мен күні	немесе тотализаторға немесе казиноға немесе ойын автоматтары залдарына арналған)	Саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Сериялық немесе инвентарлық нөмірі	Өндіруші	Техникалық жай күйі (жаңа, бұрын пайдаланылған)	Сәйкестік сертификатының нөмірі және күні, берген ұйымы (жаңа ойын автоматтары үшін)	Жабдықтарды тестілеу күні (жаңа ойын автоматтары үшін)	Бақылау-қасалық аппараттың (фискализатордың) нөмірі (болған жағдайда)	Технологиялық тұрғыдан ойын автоматына енгізілген ұтыс пайызы (ойын автоматтары үшін)
8	9	10	11	12	13	14

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру"
 мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
 5-қосымша
 Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болуы туралы мәліметтер

Ескерту. Мәліметтер жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 18.01.2021 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттың нөмірі және күні	Күзет қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан заңды тұлғаның атауы	Күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Күзет қызметін жүзеге асыру үшін лицензияның нөмірі және күні
1	2	3	4	5

"Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру"
 мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
 6-қосымша
 Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға _____

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)
20__ жылғы "___" _____ № _____, _____ берілген,
(лицензияны нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)
мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиатты "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастыру

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жері мекенжайының өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 195 Бұйрыққа
2-қосымша

"Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" Мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алу үшін "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған

құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тисті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, пешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын

бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, онда шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

"Ойын автоматтары залы
қызметімен айналысу үшін
лицензия беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын порталға тапсырған сәттен бастап: 1) лицензия беру – 10 (он) жұмыс күні; 2) лицензияны қайта ресімдеу – 3 (үш) жұмыс күні. Құжаттар толық болмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тартуы – 2 (екі) жұмыс күні. Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензия болған кезде көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы лицензия мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 90 күн бұрын сол қызмет түріне жаңа лицензия алуға өтініш береді. Бұл ретте жаңа лицензияның қолданылу мерзімі басталған күн қолданыстағы лицензияның мерзімі аяқталған күннен кейінгі күн болып есептеледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ойын автоматтары залы қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия, қайта ресімделген лицензия, не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

6	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде заңды тұлғаларға көрсетіледі.</p> <p>"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабының 4-тармағына сәйкес, ойын автоматтары залы қызметімен айналысу құқығына жыл сайынғы лицензиялық алым мөлшерлемелері:</p> <p>лицензия беру кезінде лицензиялық алым 3845 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;</p> <p>лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.</p> <p>Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс графигі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығын қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Лицензия алу үшін:</p> <p>1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін</p>

қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;

2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

3) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы салаларында (эпидемиялық маңыздылығы жоғары нысандар үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы елеусіз объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабының 2-тармағына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласында рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін ұсына отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін үш жұлдыздан төмен емес санаттағы қонақ үй кешенінде меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер (www.elicens.kz ақпараттық жүйесінде деректер болмаған жағдайда растайтын құжаттарды ұсыну: үш жұлдыздан төмен емес санаттағы қонақ үй кешенін аккредиттеу туралы куәлік немесе сертификат);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншік құқығындағы

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

ойын жабдығы туралы мәліметтер нысаны (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (растайтын құжаттарды ұсына отырып) шарттардың болуы туралы мәліметтер;

6) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы қолданылатын заңдастырылған белгілердің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілері мен номинациялары;

7) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-1-тармағына сәйкес ойын бизнесі саласында бекітілетін ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелерді қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілік қағидаларына сәйкес ойын мекемесі жұмысының ережелері;

8) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 60000 АЕК мөлшерінде салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт;

лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін

қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;
2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының бюджетіне алым сомасын төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), лицензия туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.

Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

1) ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысуға көрсетілетін қызметті алушының осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы;

2) лицензиялық алым енгізілмеген ;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-

9

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

бабында белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі;
4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
6) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ойын бизнесі саласындағы қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) бар;
7) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;
8) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

10

Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.
Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің 8 (7172) 741680 телефоны арқылы, не Бірыңғай

байланыс-орталығының: 1414, 8
800 080 7777 телефондары арқылы
алуға болады.

"Ойын автоматтары залы
қызметімен айналысу үшін
лицензия беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды

тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____ пошталық индексі,
елі

(шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Ойын автоматтары залы
қызметімен айналысу үшін
лицензия беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін үш жұлдыздан кем емес санаттағы қонақүй кешенінде меншік құқығындағы немесе өзге заңды негізіндегі казино қызметі жүзеге асыралатын, ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі	Ғимараттың мекенжайы	Жылжымайтын мүлікке құқық беретін құжаттың атауы, күні, нөмірі	Кассалар туралы мәліметтер (саны, мекенжайы, орналасқан орны, электронды кассаның	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы* және өрт қауіпсіздігі салаларында	*Ескертпе (эпидемиялық маңызы жоғары объектілер үшін-санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы
---	--	----------------------	--	---	---	--

				мекенжайы (болған жағдайда)	(рұқсат беру құжаттарының болуы)	шамалы объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама)
1	2	3	4	5	6	7

"Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Меншік құқығындағы ойын жабдықтарының болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ п/п	Ойын жабдығының атауы	Ойын жабдығының түрі	Сатып алынған жабдық шартының нөмірі мен күні	Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі мен күні	Мақсаты (букмекерлік кеңсеге немесе тотализаторға немесе казиноға немесе ойын автоматтары залдарына арналған)	Саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Сериялық немесе инвентарлық нөмірі	Өндіруші	Техникалық жай күйі (жаңа, бұрын пайдаланылған)	Сәйкестік сертификатының нөмірі және күні, берген ұйымы (жаңа ойын автоматтары үшін)	Жабдықтарды тестілеу күні (жаңа ойын автоматтары үшін)	Бақылау-қасалық (аппараттың (фискализатордың) нөмірі (болған жағдайда))	Технологиялық тұрғыдан ойын автоматына енгізілген ұтыс пайызы (ойын автоматтары үшін)
8	9	10	11	12	13	14

"Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болуы туралы мәліметтер

Ескерту. Мәліметтер жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 18.01.2021 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттың нөмірі және күні	Күзет қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан заңды тұлғаның атауы	Күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Күзет қызметін жүзеге асыру үшін лицензияның нөмірі және күні
1	2	3	4	5

"Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға _____

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)
20__ жылғы "____" _____ № _____, _____ берілген,
(лицензияны нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)
мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиатты "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастыру

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жері мекенжайының өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

_____ Телефондары _____

_____ Факс _____

_____ Банк шоты _____

_____ (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 195 Бұйрыққа
3-қосымша

"Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алу үшін "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, онда шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

"Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын порталға тапсырған сәттен бастап: 1) лицензия беру – 10 (он) жұмыс күні; 2) лицензияны қайта ресімдеу – 3 (үш) жұмыс күні. Құжаттар толық болмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тартуы – 2 (екі) жұмыс күні. Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензия болған кезде көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы лицензия мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 90 күн бұрын сол қызмет түріне жаңа лицензия алуға өтініш береді. Бұл ретте

		жаңа лицензияның қолданылу мерзімі басталған күн қолданыстағы лицензияның мерзімі аяқталған күннен кейінгі күн болып есептеледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Букмекер кеңсесі қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия, қайта ресімделген лицензия, не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде заңды тұлғаларға көрсетіледі. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабының 4-тармағына сәйкес, букмекер кеңсесі қызметімен айналысу құқығына жыл сайынғы лицензиялық алым мөлшерлемелері: лицензия беру кезінде лицензиялық алым 640 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды; лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды. Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
		Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін

7

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс графигі

қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығын қоса алғанда сағат 13.00 -ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Лицензия алу үшін:

- 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;
- 2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);
- 3) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы салаларында (эпидемиялық маңыздылығы жоғары нысандар үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы елеусіз объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабының 2-тармағына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласында рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін ұсына отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер (растайтын құжаттарды ұсына отырып);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншік құқығындағы ойын жабдығы туралы мәліметтер нысаны (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (растайтын құжаттарды ұсына отырып) шарттардың болуы туралы мәліметтер;

б) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-1-тармағына сәйкес ойын бизнесі саласындағы бекітілетін букмекерлік кеңсенің жұмысының мөлшерлемелер мен өткізілетін құмар ойындарды қабылдаудың және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілік қадифаларына сәйкес ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелерді қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің қағидалары;

7) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет

туралы заңда белгіленген 40000 АЕК мөлшерінде салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт; лицензияны қайта ресімдеу үшін:

- 1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;
- 2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);
- 3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының бюджетіне алым сомасын төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), лицензия туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.

Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

1) ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысуға көрсетілетін қызметті алушының осы санаты үшін Қазақстан

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

Республикасының заңдарымен тыйым салынуы;
 2) лицензиялық алым енгізілмеген ;
 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі;
 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
 5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
 6) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ойын бизнесі саласындағы қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) бар;
 7) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;
 8) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	жеке кабинет", сондай-ақ Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің 8 (7172) 741680 телефоны арқылы, не Бірыңғай байланыс-орталығының: 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.
----	---	---

"Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____ пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

"Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге заңды негізіндегі ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

						*Ескертпе (эпидемиялық маңызы жоғары объектілер
--	--	--	--	--	--	---

№	Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі	Ғимараттың мекенжайы	Жылжымайтын мүлікке құқық беретін құжаттың атауы, күні, нөмірі	Кассалар туралы мәліметтер (саны, мекенжайы, орналасқан орны, электронды кассаның мекенжайы (болған жағдайда))	Халықтың санитариялық - эпидемиологиялық саламаттылығы* және өрт қауіпсіздігі салаларында рұқсат беру құжаттарының болуы	үшін-санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы шамалы объектілер үшін-қызметің басталғаны туралы хабарлама)
1	2	3	4	5	6	7

"Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Меншік құқығындағы ойын жабдықтарының болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ п/п	Ойын жабдығының атауы	Ойын жабдығының түрі	Сатып алынған жабдық шартының нөмірі мен күні	Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі мен күні	Мақсаты (букмекерлік кеңсеге немесе тотализаторға немесе казиноға немесе ойын автоматтары залдарына арналған)	Саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Сериялық немесе инвентарлық нөмірі	Өндіруші	Техникалық жай күйі (жаңа, бұрын пайдаланылған)	Сәйкестік сертификатының нөмірі және күні, берген ұйымы (жаңа ойын автоматтары үшін)	Жабдықтарды тестілеу күні (жаңа ойын автоматтары үшін)	Бақылау-қасалық аппараттың (фискализатордың) нөмірі (болған жағдайда)	Технологиялық тұрғыдан ойын автоматына енгізілген ұтыс пайызы (ойын автоматтары үшін)
8	9	10	11	12	13	14

"Букмекер кеңсесі қызметімен
айналысу үшін лицензия
беру" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болуы туралы мәліметтер

Ескерту. Мәліметтер жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 18.01.2021 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттың нөмірі және күні	Күзет қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан заңды тұлғаның атауы	Күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Күзет қызметін жүзеге асыру үшін лицензияның нөмірі және күні
1	2	3	4	5

"Букмекер кеңсесі қызметімен
айналысу үшін лицензия
беру" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды

тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға _____

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)

20__ жылғы "___" _____ № _____, _____ берілген,

(лицензияны нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиатты "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастыру

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жері мекенжайының өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің

мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 195 Бұйрыққа
4-қосымша

"Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алу үшін "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес біліктілік талаптары қойылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тисті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, онда шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

"Тотализатор қызметімен
айналысу үшін лицензия беру"
мемлекеттік қызметті көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 22.12.2022 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы
		Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі құжаттар топтамасын порталға тапсырған сәттен бастап: 1) лицензия беру – 10 (он) жұмыс күні; 2) лицензияны қайта ресімдеу – 3 (үш) жұмыс күні. Құжаттар толық болмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен кезде көрсетілетін қызметті

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>берушінің өтінішті қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тартуы – 2 (екі) жұмыс күні.</p> <p>Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензия болған кезде көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы лицензия мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 90 күн бұрын сол қызмет түріне жаңа лицензия алуға өтініш береді. Бұл ретте жаңа лицензияның қолданылу мерзімі басталған күн қолданыстағы лицензияның мерзімі аяқталған күннен кейінгі күн болып есептеледі.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Тотализатор қызметімен айналысуға құқық беретін лицензия, қайта ресімделген лицензия, не осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде заңды тұлғаларға көрсетіледі.</p> <p>"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабының 4-тармағына сәйкес, тотализатор қызметімен айналысу құқығына жыл сайынғы лицензиялық алым мөлшерлемелері:</p> <p>лицензия беру кезінде лицензиялық алым 640 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;</p> <p>лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.</p>

		<p>Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс графигі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығын қоса алғанда сағат 13.00 -ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Лицензия алу үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші; 2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда); 3) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы салаларында (эпидемиялық маңыздылығы

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

жоғары нысандар үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы елеусіз объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабының 2-тармағына сәйкес өрт қауіпсіздігі саласында рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін ұсына отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер (растайтын құжаттарды ұсына отырып);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншік құқығындағы ойын жабдығы туралы мәліметтер нысаны (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (растайтын құжаттарды ұсына отырып) шарттардың болуы туралы мәліметтер;

6) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-1-тармағына сәйкес ойын бизнесі саласындағы уәкілетті органмен бекітілетін тотализатордың жұмысының мөлшерлемелер мен өткізілетін құмар ойындарды

қабылдаудың және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілік қағидаларына сәйкес ойын мекемесі жұмысының , ставкаларды қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің қағидалары;

7) құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 10000 АЕК мөлшерінде салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт;

лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу нысанындағы лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;

2) құжаттың электрондық нысанындағы лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын құжат, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының бюджетіне алым сомасын төлегенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), лицензия туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық

		<p>жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.</p> <p>Өтінішті портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1) ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысуға көрсетілетін қызметті алушының осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы; 2) лицензиялық алым енгізілмеген ; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 6) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ойын бизнесі саласындағы қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) бар; 7) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 8) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан

		Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы " жеке кабинет", сондай-ақ Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің 8 (7172) 741680 телефоны арқылы, не Бірыңғай байланыс-орталығының: 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

"Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 2-қосымша Нысан

Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды

тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызметтің түрі толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше

атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

"Тотализатор қызметімен
айналысу үшін лицензия беру"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге заңды

негізіндегі ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, ғимараттың бір бөлігінің) болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 10.10.2024 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі	Ғимараттың мекенжайы	Жылжымайтын мүлікке құқық беретін құжаттың атауы, күні, нөмірі	Кассалар туралы мәліметтер (саны, мекенжайы, орналасқан орны, электронды кассаның мекенжайы (болған жағдайда))	Халықтың санитариялық - эпидемиологиялық саламаттылығы* және өрт қауіпсіздігі салаларында рұқсат беру құжаттарының болуы	*Ескертпе (эпидемиялық маңызы жоғары объектілер үшін-санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы шамалы объектілер үшін-қызметің басталғаны туралы хабарлама)
1	2	3	4	5	6	7

"Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 4-қосымша
Нысан

Меншік құқығындағы ойын жабдықтарының болуы туралы мәліметтер

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 26.12.2023 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ п/п	Ойын жабдығының атауы	Ойын жабдығының түрі	Сатып алынған жабдық шартының нөмірі мен күні	Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі мен күні	Мақсаты (букмекерлік кеңсеге немесе тотализаторға немесе казиноға немесе ойын автоматтары залдарына арналған)	Саны
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Сериялық немесе инвентарлық нөмірі	Өндіруші	Техникалық жай күйі (жаңа, бұрын пайдаланылған)	Сәйкестік сертификатының нөмірі және күні, берген ұйымы (жаңа ойын автоматтары үшін)	Жабдықтарды тестілеу күні (жаңа ойын автоматтары үшін)	Бақылау-қас а л ы қ аппараттың (фискализатордың) нөмірі (болған жағдайда)	Технологиялық тұрғыдан ойын автоматына енгізілген ұтыс пайызы (ойын автоматтары үшін)
8	9	10	11	12	13	14

"Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болуы туралы мәліметтер

Ескерту. Мәліметтер жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 18.01.2021 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттың нөмірі және күні	Күзет қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан заңды тұлғаның атауы	Күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Күзет қызметін жүзеге асыру үшін лицензияның нөмірі және күні
1	2	3	4	5

"Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 6-қосымша
Нысан

Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды

тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға _____

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)

20__ жылғы "___" _____ № _____, _____ берілген,

(лицензияны нөмірі, берілген күні, лицензияны берген лицензиардың атауы)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиатты "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастыру

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жері мекенжайының өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Осымен: өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 195 Бұйрыққа
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі

1. "Ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 140 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11307 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 шілдеде жарияланған);

2. "Лотерея қызметі және ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 181 бұйрығы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11446 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 14 шілдеде жарияланған);

3. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 19 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13402 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 наурызда жарияланған) 1-тармақтың 2) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 57 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13545 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 4 сәуірде жарияланған) 1-тармақтың 2) тармақшасы.

5. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 3 шілдедегі № 203 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15611 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 11 қазандағы № 273 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15945 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 қарашада жарияланған) 1-тармақтың 2) тармақшасы.

7. "Лотерея қызметі және ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 140 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 374 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18056 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 4 қаңтарда жарияланған).

8. "Ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 140 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 207 бұйрығы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19077 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 2 тамызда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК